«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ Ғылыми кеңесінің шешімінен
**БЕКІТІЛДІ**
«23» 04 2025 ж.
№ 9 хаттама
Ғылыми кеңестің төрағасы
_______ Г.А. Ахмельяров

**Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар**

**02130100 «Кескіндеме, мүсін және графика» (түрлері бойынша)**
**Біліктілік: 4S02130101 «Суретші»**

| Мамандық атауы және коды | Біліктілігі | Базасы | Топ |
|---|---|---|---|
| 02130100 «Кескіндеме, мүсін және графика» (түрлері бойынша) | 4S02130101 «Суретші» | 9 сынып базасында | Қазақ. орыс |

**Талапкерге қойылатын талап:**
"Бейнелеу өнері" мамандығы бойынша БӨМ бітіргені туралы Аттестат. Талапкер сурет және кескіндеме бойынша кемінде 15–20 шығармашылық жұмысын іріктеу комиссиясына тапсырады. Ұсынылған жұмыстар негізінде талапкердің негізгі шығармашылық емтихандарға қатысуы туралы шешім қабылданады.

**БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН – СУРЕТ**

Орындау уақыты – 8 сағат (1 күн)

Тапсырма: Қарапайым пішінде, өңділігі және түсі анық 3–5 заттан тұратын натюрморт салу. Натюрмортта қарапайым гипстік рельеф элементі болуы мүмкін. Қойылым жарық түскен жазықтық бетіне қойылады.

Материалдар: графитті қарындаш, А2 форматты ватман қағазы.

Талаптар: натюрмортты дұрыс құрастырып, заттардың өзара орналасуын, пропорциясын, пішінін және жарық-көлеңкесін дәл беру.

**ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН – КЕСКІНДЕМЕ**

Орындау уақыты – 8 сағат (1 күн)

Тапсырма: Қарапайым пішінде түсі анық, материалы әртүрлі 3–5 тұрмыстық заттан құралған натюрморт салу. Біртүсті мата аясында, күндізгі жарықта орындалады.

Материалдар: акварель, майлы бояу, холст немесе картон, А2 форматта қағаз.

Талаптар: заттардың пішінін, түстік және тоналды қатынастарын кеңістікте дұрыс беру.

**ҮШІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН – КОМПОЗИЦИЯ**

Орындау уақыты – 8 сағат

Тапсырма: Берілген тақырып бойынша композиция эскизін салу.

Материалдар: талапкердің таңдауы бойынша (акварель, гуашь, пастель, тушь, т.б.), А2 формат.

Талаптар: тарихи, әдеби, ертегі, фантастикалық, тұрмыстық жанрдағы тақырыптарға бір немесе бірнеше нұсқада эскиз орындау. Талапкер байқағыштығы мен қиялы негізінде ойды көркем жеткізе білуі тиіс.

**Қажетті материалдар тізімі**

1. Қағаз: А3, А4 акварельдік, А2 ватман, палитра қағазы
2. Қарапайым қарындаштар (қатты – Н, Н1; жұмсақ – В, В1; орташа – НВ)
3. Өшіргіш
4. Түрлі-түсті қарындаштар
5. Құрғақ немесе майлы пастель
6. Акварель және гуашь бояулары (балсыз)
7. Қылқаламдар (жазық №6, №8; дөңгелек №3, №4)
8. Су құятын ыдыс
9. Палитра
10. Планшет 50х70 см

«Сценография, сәндік өнер, кескіндеме және мүсін» ПЦК төрағасы Маханбетжанова Г.М.

«Кескіндеме және мүсін» кафедра меңгерушісі Мухамеджанов Б.А.